

"Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңын одан әрі іске асыру жөніндегі кейбір шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 9 сәуірдегі № 397 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 23 желтоқсандағы № 1035 қаулысы.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңын одан әрі іске асыру жөніндегі кейбір шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 9 сәуірдегі № 397 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮАЖ-ы, 2004 ж., № 16, 208-құжат) мынадай өзгерістер енгізілсін:

1) 1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Қоса беріліп отырған:

1) Аумақты дамытудың өңіраралық схемаларын әзірлеу және келісу қағидалары;

2) Өңірлер аумақтарының қала құрылысын жоспарлаудың кешенді схемаларын әзірлеу және келісу қағидалары бекітілсін.";

2) алып тасталды - ҚР Үкіметінің 05.12.2023 № 1081 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

3) көрсетілген қаулымен бекітілген Өңірлер аумақтарының қала құрылысын жоспарлаудың кешенді схемаларын әзірлеу және келісу қағидалары осы қаулыға 2-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

Ескерту. 1-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 05.12.2023 № 1081 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

К.Мәсімов

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

2015 жылғы 23 желтоқсандағы

№ 1035 қаулысына

1-қосымша

Ескерту. Алып тасталды - ҚР Үкіметінің 05.12.2023 № 1081 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2015 жылғы 23 желтоқсандағы
№ 1035 қаулысына
2-қосымша
Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2004 жылғы 9 сәуірдегі
№ 397 қаулысымен
бекітілген

Өңірлер аумақтарының қала құрылысын жоспарлаудың кешенді схемаларын әзірлеу және келісу қағидалары

1. Осы жекелеген өңірлер (облыстың немесе оның қандай да бір бөлігі) аумақтарының қала құрылысын жоспарлаудың кешенді схемаларын әзірлеу және келісу қағидалары "Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 44-бабының 4-тармағына сәйкес әзірленді және облыс не оның бір бөлігі аумағының қала құрылысын жоспарлаудың кешенді схемаларын әзірлеу және келісу тәртібін белгілейді.

2. Сәулет, қала құрылысы және құрылыс істері жөніндегі жергілікті атқарушы орган өңірлер аумақтарының қала құрылысын жоспарлаудың кешенді схемаларын әзірлеу бойынша тапсырыс беруші (бұдан әрі – Тапсырыс беруші болып табылады. Тапсырыс беруші әзірлеушіні (бас жобалаушыны) айқындайды.

3. Ведомстволық бағыныстағы әкімшілік-аумақтық бірліктер аумақтарының қала құрылысын жоспарлаудың кешенді схемалары (аудандық жоспарлау жобалары) Қазақстан Республикасының аумағын ұйымдастырудың бас схемасына және аумақты дамытудың тиісті өңіраралық схемасына (сол аумақ үшін бар болса) сәйкес әзірленеді.

4. Ведомстволық бағыныстағы әкімшілік-аумақтық бірліктер аумақтарының қала құрылысын жоспарлаудың кешенді схемалары (аудандық жоспарлау жобалары) сол өңір аумағындағы әлеуметтік-экономикалық, өндірістік-шаруашылық және табиғи-климаттық жағдайларды, оның аймаққа бөлінуін ескере отырып, мемлекеттік қала құрылысы саясатының мақсаттарын айқындайды, сондай-ақ мынадай негізгі бағыттарды белгілейді:

- 1) қоныстандыру жүйесін жетілдіру;
- 2) елді мекендерді, өндірістік, көліктік, инженерлік, әлеуметтік және рекреациялық инфрақұрылымдарды дамыту;
- 3) аумақтарды табиғи және антропогендік, техногендік құбылыстар мен процестердің қауіпті (зиянды) әсерлерінен қорғау;
- 4) қала құрылысы құралдарымен және әдістерімен экологиялық ахуалды жақсарту;
- 5) тарихи-мәдени мұра объектілерін және (немесе) қорғалатын ландшафттық объектілерді сақтау;

Аумақтарды пайдалануға қойылатын шектеулерді ескере отырып, аумақтардың функционалдық аймаққа бөлінуі және оларды пайдаланудың қарқындылығы айқындалады.

Аумақтардың қала құрылысын жоспарлаудың кешенді схемалары сол өңірдегі елді мекендердің, қала маңы аймақтарының шекараларын белгілеу, резервтік аумақтарды қоса алғанда, аумақтарды кешенді дамыту үшін ресурстармен қамтамасыз ету жөніндегі ұсыныстарды, сондай-ақ аумақтық көліктік жоспарлау мен жол қозғалысын ұйымдастыру жөніндегі ұсыныстарды қамтуға тиіс.

5. Ведомстволық бағыныстағы әкімшілік-аумақтық бірліктер аумақтарының қала құрылысын жоспарлаудың кешенді схемаларын (аудандық жоспарлау жобаларын) жасау кезінде пайдаланылатын арнайы (салалық) немесе өзге қала реттеуші құжаттаманы әзірлеу Қазақстан Республикасының заңнамасына, Қазақстан Республикасының аумағында қолданылатын сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы мемлекеттік және мемлекетаралық нормативтерге, сондай-ақ арнайы нұсқаулықтар мен салалық нормативтердің талаптарына сәйкес жүзеге асырылады.

6. Тиісті облыстың жергілікті атқарушы органдары тапсырыс беруші ретінде облыстың ведомстволық бағыныстағы әкімшілік-аумақтық бірліктері аумақтарының қала құрылысын жоспарлаудың кешенді схемаларын (аудандық жоспарлау жобаларының) әзірлеуді ұйымдастырады және әзірлеушіні (бас жобалаушыны) айқындайды.

7. Тапсырыс беруші әзірлеушінің (бас жобалаушының) қатысуымен жобалауға арналған тапсырманы жасайды.

Жобалауға арналған тапсырмаға қойылатын жалпы талаптар мен бастапқы деректердің тізбесі сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы мемлекеттік нормативтерде (құрылыс нормаларында және қағидаларында) белгіленеді.

Тапсырыс беруші бұрын берілген жобалауға арналған тапсырманы немесе бастапқы деректерді өзгерткен кезде осы уақытқа дейін толық немесе ішінара орындалған жобалау жұмыстарын ескере отырып, тапсырыс беруші қосымша шарт (келісім) бойынша осы жұмыстардың төлемін жүргізеді.

8. Заңнамада белгіленген тәртіппен айқындалған әзірлеуші (бас жобалаушы) ведомстволық бағыныстағы әкімшілік-аумақтық бірліктер аумақтарының қала құрылысын жоспарлаудың кешенді схемаларының (аудандық жоспарлау жобаларының) құрамында арнайы бөлімдерді әзірлейтін жобалау ұйымдары-қосалқы мердігерлер үшін тапсырыс беруші болып табылады.

9. Ведомстволық бағыныстағы әкімшілік-аумақтық бірліктер аумақтарының қала құрылысын жоспарлаудың кешенді схемаларын (аудандық жоспарлау жобаларын) әзірлеу кезінде әзірлеуші (бас жобалаушы) тиісті облыстың не оның бөлігінің аумағындағы тарих, археология, қала құрылысы және сәулет, монумент өнері ескерткіштері орналасқан карта-схемаларды жасайды.

Ведомстволық бағыныстағы әкімшілік-аумақтық бірліктер аумақтарының қала құрылысын жоспарлаудың кешенді схемаларында (аудандық жоспарлау жобаларында) тарих пен мәдениеттің жылжымайтын ескерткіштері және мемлекеттік табиғат-қорық қоры объектілерін қорғау аймақтары (қорғалатын аймақтар, құрылысты реттейтін аймақтар және қорғалатын табиғи ландшафт аймақтары) ескерілуге тиіс. Бұл мақсатпен жобалардың құрамында орындалатын графикалық материалдарға ескерткіштерді қорғау аймақтарының қажетті элементтері енгізілуге, ал түсіндірме жазбаларда осы аймақтарда белгіленген режимді қамтамасыз ететін талаптар көрсетілуге тиіс.

10. Қалалар мен ауылдық елді мекендер қолайсыз табиғи жағдайлары бар аумақтарда орналасқан жағдайда, ведомстволық бағыныстағы әкімшілік-аумақтық бірліктер аумақтарының қала құрылысын жоспарлаудың кешенді схемаларының (аудандық жоспарлау жобаларының) құрамында аумақты инженерлік дайындау, аумақ пен көрсетілген елді мекендерді табиғи, сол сияқты адамның шаруашылық қызметінен туындаған қауіпті геологиялық және гидрогеологиялық процестерден қорғау жөнінде жобалық шешімдер әзірленеді.

11. Курорттық ресурстары бар облыстар мен аудандарға, курорттық қалаларға және курорттық үлгідегі басқа да елді мекендерге арналған жобалау жұмыстары аумақты функционалдық медициналық аймақтарға бөлу, курорттық және рекреациялық ресурстарды бағалау жөніндегі материалдарды, сондай-ақ курорттарды санитариялық қорғаудың белгіленген округтарын ескере отырып орындалуға тиіс.

12. Тапсырыс беруші ведомстволық бағыныстағы әкімшілік-аумақтық бірліктер аумақтарының қала құрылысын жоспарлаудың кешенді схемаларын (аудандық жоспарлау жобаларын) әзірлеу барысында жобалау аумағы мен объектілеріне зерттеп-қарау жүргізуде, қосымша бастапқы деректерді жинауда, сондай-ақ аяқталған жобаларды келісуден өткізуде әзірлеушіге (бас жобалаушыға) көмек көрсетеді.

Тапсырыс беруші жобалау барысын бақылауды жүзеге асырады, эскиздік материалдарының сапасын бақылау мақсатында жобаларды зерделейді, екі жақты актілерді міндетті түрде ресімдей және әзірлеушімен (бас жобалаушымен) жобалық өнімдердің орындалған көлемі үшін тиісті есеп айырысуды жүргізе отырып, жобалау жұмыстарын шартқа сәйкес тоқтата тұрады, белгіленген тәртіппен жобалау материалдарына сараптама жүргізеді.

13. Ведомстволық бағыныстағы әкімшілік-аумақтық бірліктер аумақтарының қала құрылысын жоспарлаудың кешенді схемалары (аудандық жоспарлау жобалары) тиісті жергілікті атқарушы органдар құратын сараптама тобы жүзеге асыратын міндетті кешенді қала құрылысы сараптамасынан өтеді.